

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  
«Қоғамдық денсаулық сақтау» кафедрасы

# ПРЕЗЕНТАЦИЯ

Тақырыбы: Мамандандырылған медициналық  
жәрдемді ұйымдастыру.

- ОРЫНДАҒАН: ТӨЛЕГЕН Б
- ТОБЫ: БҚДСҚ –Б 05-15
- ҚАБЫЛДАҒАН: ҚҰРБАНОВА К.Т.

# ЖОСПАР

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
- Мамандандырылған медициналық жәрдем
- Жоғарғы мамандандырылған медициналық көмек
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер

- Мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету «Медициналық көмектің түрлері мен көлемдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 26 қарашадағы № 796
- бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 5955 тіркелген) бекітілген түрлер мен көлемдерге сәйкес жүзеге асырылады.

◎ **Мамандандырылған медициналық көмек (Специализированная медицинская помощь)** — қала сыртындағы аймақта емдеу мекемелерінде көрсетілетін көмек. Мамандандырылған медициналық көмек көрсетудің ең тиімді мерзімі зақымданғаннан кейінгі алғашқы екі тәулік деп есептеледі.

**Мамандырылған медициналық көмек -**  
диагностиканың, емдеудің және  
медициналық оңалтудың мамандандырылған  
әдістерін талап ететін аурулар кезінде бейінді  
мамандар көрсететін, оның ішінде  
телемедицина құралдарын пайдалана отырып  
көрсететін медициналық көмек.

# *көмектің түрлері:*

терапиялық

- ❖ хирургиялық
- ❖ педиатриялық
- ❖ акушерия-гинекологиялық

# МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТИҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ.

- 1. Жіті және созылмалы аурулары бар бекітілген халыққа амбулаториялық жағдайда мамандандырылған көмек көрсету.
- 2. Емханада амбулаториялық қабылдауда, денсаулық жағдайы және ауру сипатына байланысты емханаға келе алмайтын науқастарды үйде емдеу-диагностикалық кеңестерін беру, көрсеткіштері бойынша емдеуге жатқызу мәселелерін шешу.
- 3. Бекітілген АКЖ-10 клиникалық хаттамасына сәйкес заманауи әдістер мен медициналық ғылым және техникалардың жетістіктерін қолдана отырып, пациенттерге емдеу жүргізу.
- 4. Медициналық қызметкерлеріне науқастарға диагностика жасау, емдеуге байланысты барлық сұрақтар бойынша консультативтік қолдау көрсету.
- 5. Емдеуге жатқызу бюросы порталы арқылы науқастарды жоспарлы емдеуге жатқызуды жүзеге асыру.
- 6. Коронароангиографияға (КАГ) пациенттерді іріктеу.

- 7. Науқастарға қалпына келтіру және медициналық оңалтуды қамтамасыз ету.
- 8. Медициналық көмекке берілген кепілді көлем шеңберінде белгілі аурумен амбулаториялық деңгейде диспансерлік есепте тұрған науқасқа жеңілдік рецепттермен уақтылы қамтамасыз ету.
- 9. Мамандар бойынша дәрілік препараттармен (МКБКК) қамтамасыз етудің айлық мониторингін жүргізу.
- 10. Науқастың уақытша және тұрақты еңбекке жарамсыздығы, еңбекке жарамсыздық парағын беру және ұзарту, еңбек ұсыныстары, санаториялық-курорттық емдеуге іріктеулерге сараптамаларды жүзеге асыру.



- 11. Бекітілген халық тіркелімін жүргізу, пациенттерді енгізу, АЕК жүйесіне сыртқы және ішкі жолдамаларды тіркеу, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган білгілеген тәртіп пен мерзімде статистикалық есептер мен есептемелерді тіркеу, статистикалық деректерді талдау.
- 12. Халық арасына аурудың алдын алу туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу, бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып салауатты өмір салтын қалыптастыру, стендтерді рәсімдеу, көркем ақпараттар дайындау.
- Пациенттерді тексеру, емдеу, диспансерлік бақылау ҚР ДСМ №885 бұйрығына, бекітілген АКЖ-10 хаттамасына сәйкес жүргізіледі. Бөлімше мамандары мынандай қызметтерді атқарады:

# МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ

- Мамандандырылған медициналық көмекті денсаулық сақтаудың көпбейінді ұйымдары консультациялық-диагностикалық, стационарды алмастыратын көмек немесе стационарлық медициналық көмек нысанында көрсетеді.
- Мамандандырылған медициналық көмек меншік нысанына қарамастан, тиісті медициналық және дәрігерлік қызметке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензиясы бар денсаулық сақтаудың медициналық ұйымдары көрсетеді.

- Диагнозды сәйкестендірудегі қиындықтар кезінде, сондай-ақ өзге де басқа көрсетімдер кезінде мамандандырылған медициналық көмек көрсетудің кез келген деңгейінде, оның ішінде науқасты тасымалдау мүмкін болмағанда қажет болғанда республикалық деңгейдегі консультантты қосқанда қажетті мамандарды тарта отырып, консилиум ұйымдастырылады.
- Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс мамандандырылған медициналық көмек Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақылы негізде көрсетілуі мүмкін.

- 7. Мамандандырылған медициналық көмекті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бейінді маманданудан өткен және қажетті біліктілігі бар дәрігерлер көрсетуі тиіс.
- . Зерттеудің зертханалық-диагностикалық әдістерін қосқанда, мамандандырылған медициналық көмек көлемін диагностика мен емдеудің мерзімдік хаттамаларымен (бұдан әрі - Хаттама) айқындалады.

## Педиатрия бейінді манандандырылған медициналық көмекті ұйымдастыру

- Бөлімше емдеу-алдын алу жұмыстары, анықталған науқастарды сауықтыру, жоспарлы және жедел емдеуге жатқызуға жолдама беру, МСЭК рәсімдеу, ПМПК жолжама беру, санитариялық-ағартушылық жұмыстарымен айналысады. Мектептер мен балабақшаларда тар көлемді мамандары бригадасымен алдын алу шараларын жүргізеді.
- Бөлімше 0-ден 14 жасқа дейінгі балаларға консультативтік және емдеудің мамандандырылған көмегін көрсетеді.

**Жоғары мамандандырылған медициналық көмек жөніндегі комиссиясы** (бұдан әрі – денсаулық сақтау басқармасының ЖММК комиссиясы) – республикалық медициналық денсаулық сақтау ұйымына емдеуге жатқызу мәселесін шешу үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті мемлекеттік басқару органдарының жанынан құрылған комиссия.

Республикалық клиникаға жоспарлы емдеуге жатқызу үшін көрсетілімдер болған жағдайда, барлық әдістер қолданылғанда немесе жергілікті деңгейдегі медициналық ұйымдарда медициналық көмек көрсету мүмкіндіктері болмағанда пациент ЖММК комиссиясының шешімі арқылы емдеуге жатқызылады.



1. Пациентке мамандандырылған көмек (бұдан әрі – ММК) немесе жоғары мамандандырылған медициналық көмек (бұдан әрі – ЖММК) көрсету үшін медициналық көрсетілімдері болған жағдайда МСАК маманы бөлімше меңгерушісімен немесе МСАК-тың немесе медициналық ұйымның бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасарымен бірлесіп республикалық медициналық денсаулық сақтау ұйымына Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 20 желтоқсандағы № 986 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6711 болып тіркелген) Мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидаларына сәйкес ЖММК комиссиясының қарауына пациент құжаттарының пакетін жібереді



2.ММК немесе ЖММК көрсету туралы оң шешім қабылданған жағдайда ЖММК комиссиясы жолдаманы Порталда тіркейді және басып шығарылған Жоспарлы емдеуге жатқызу коды бар Стационарға емдеуге жатқызуға арналған жолдамамен құжаттар пакетін жіберген МСАК-ұйымына немесе медициналық ұйымға береді

3.МСАК ұйымы немесе медициналық ұйым  
ММК немесе ЖММК көрсетуге арналған  
жолдаманы алғаннан кейін пациентті  
республикалық клиникаға жоспарлы  
емдеуге жатқызуға арналған жолдаманың  
күні туралы хабарлайды.

4. Науқас стационарда болған жағдайда, емдеуші дәрігер бөлімше меңгерушісімен немесе осы стационардың бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасарымен бірлесіп пациентке республикалық клиникада ММК немесе ЖММК көрсету үшін медициналық көрсетілімдері болған жағдайда факсимильдік байланыспен немесе электрондық поштамен (сканерленген нысанын) ЖММК комиссиясының қарауына стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді жібереді.

5. Стационардағы пациентке ММК немесе ЖММК көрсету туралы оң шешім қабылданған жағдайда ЖММК комиссиясы жолдаманы Порталда тіркейді және электрондық немесе факсимильдік байланыспен пациент жатқан стационарға автоматты қалыптастырылған емдеуге жатқызу коды бар ЖММК көрсету үшін Стационарға емдеуге жатқызуға арналған жолдаманы жібереді.

6. Пациентке ЖММК көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда ЖММК комиссиясы дәлелді бас тартуды қоса бере отырып құжаттар пакетін жіберген МСАК ұйымына немесе стационарға қайтарады.

## Жоғары мамандандырылған медициналық көмектің түрлері мен көлемі

- 1. Жоғары мамандандырылған медициналық көмек – диагностиканың, емдеу мен медициналық оңалтудың ең жаңа технологияларын пайдалануды талап ететін аурулар кезінде уәкілетті орган айқындайтын медициналық ұйымдарда бейінді мамандар көрсететін медициналық көмек.
- 2. Жоғары мамандандырылған медициналық көмектің түрлері терапиялық, хирургиялық, педиатриялық және акушериялық-гинекологиялық бейіндерге бөлінеді және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.
- 3. Пациенттерге жоғары мамандандырылған медициналық көмектің көлемі тиімділігі мейлінше дәлелденген профилактикалық, диагностикалық және емдік іс-шаралардың негізінде медициналық айғақтар бойынша айқындалады.

ЖММК комиссияның қарауына мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) емделушінің жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) емделушінің клиникалық диагнозы көрсетілген медициналық ұйым маманының жолдамасы;
- 3) емделушіні зерттеп-қараудың ең аз қажетті көлемінің нәтижелері (қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, нәжістің ішекқұрт жұмыртқаларына талдауы, кеуде ағзаларының флюорографиясы, электрокардиограмма және HbsAg);
- 4) клиникалық диагнозды, зерттеу нәтижелері көрсетілген амбулаториялық картадан/сырқатнамадан көшірме;
- 5) емделушінің клиникалық диагнозын растайтын зертханалық және аспаптық зерттеулердің нәтижелері.

# Қорытынды

- Былтыр еліміздегі жоғары мамандандырылған медициналық көмек көлемі 2011 жылмен салыстырғанда 60 пайызға артты.
- Министрдің айтуынша, Бірыңғай Ұлттық денсаулық сақтау жүйесін дамыту шеңберінде қала және ауыл тұрғындары үшін қолжетімді жоғары технологияларды дамытуға жағдайлар жасалған. Мәселен, жоғары мамандандырылған медициналық көмек көлемі 2011 жылмен салыстырғанда 60 пайызға артса, олардың жартысынан астамы өңірлерде көрсетілген. «2012 жылы алғаш рет стационарлық көмек көрсететін мамандарды оқытуға арналған қаражат тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі тарифіне енгізілген. Бұл емдеу мекемелерінің жетекшілеріне өз мамандарын қайда және қандай тақырыпта оқыту туралы шешімді өздерінің қабылдауына мүмкіндік берді. Өткен жылы осы жүйемен 12 мыңнан аса маман оқып шықты».
- Шетелдерден үздік мамандарды шақыру арқылы 73 шеберлік сыныптары өткізілгенін атап өтті. Нәтижесінде азаматтар бұрындары 20-дан астам ауру түрлері бойынша шетелдерге емдеуге жіберілетін болса, қазір олардың саны 8-ді ғана құрайды.



# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1) Бөлешов, М.Ә. Қоғамдық денсаулық және денсаулықты сақтау: \оқулық М.Ә. Бөлешов. - Алматы 2015
- 2) Бөлешов М.Ә. Қоғамдық денсаулық және денсаулықты сақтау: \ оқулық. Алматы эверо 2012
- 3) Биғалиева, Р.К Әлеуметтік медицина және денсаулық сақтауды басқару: \оқулық Р.К. Биғалиева - Алматы эверо -2014
- 4) Сәрсенбаева Г.Ж Қоғамдық денсаулық сақтау: оқу құралы. -Қарағанды: ЖК «Ақ Нұр» 2013